

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т. Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге 2025 жылдың 24 қаңтар күні аудандық білім бөлімінің базасында аудандық «Заң және тәртіп» айлығы аясында өткізілетін «Санаңды қорға-болашағыңды сақта» атты діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған бейнероликтер байқауы ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды.

Аудандық байқауға жалпы орта, негізгі білім беру мекемелерінің оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер №1 қосымшаға сәйкес abb_gauharjan@mail.ru электронды поштасына 2025 жылдың 23 қаңтарына дейін қабылданады. Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Қосымша: 2 парақта.

Т. Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы

М.Сванов

Орындаған: Г.Ноғайбаева
Тел.: 2-14-10



**Аудандық «Заң және тәртіп» айлығы аясында өткізілетін
«Санаңды қорға-болашағыңды сақта» атты діни экстремизмнің алдын
алуға бағытталған бейнероликтер байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

Аудандық «Заң және тәртіп» айлығының іс-шаралар жоспарының негізінде «Санаңды қорға-болашағыңды сақта» тақырыбында діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған бейнероликтер байқауы (бұдан әрі- Байқау) өткізіледі.

Байқаудың мақсаты:

Жастардың санасын қалыптастыру және олардың діни экстремизм мәселесіне қатысты сауаттылығын арттыру. Әлеуметтік желілер мен мультимедиа арқылы қоғамды ақпараттандыру.

Байқаудың міндеттері:

- Экстремизмнің жалған уәделерін көрсету және одан шығудың жолдарын ұсыну;
- Қоғамдағы бейбітшіліктің құндылығын насихаттау;
- Дұрыс ақпараттың маңыздылығын көрсету;
- Санаға әсер ететін ақпараттың қауіптілігін түсіндіру;
- Жастарды оң таңдау жасауға шақыру.

Байқауды ұйымдастырушы:

- Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы;
- Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі;
- Байқау жұмыстарын бағалайтын қазылар алқасының құрамын анықтайды;
- Байқауға қатысушылардың жұмыстарын бағалайды;
- Байқау қорытындысын шығарады.

Байқаудың қатысушылары мен жетекшілері:

Қатысушылар: жалпы орта білім беретін мектептердің 8-11 сынып оқушылары.

Жетекшілері: білім беру мекемелерінің директордың тәрбие, құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен сынып жетекшілер бола алады.

Байқау шарттары:

- Діни экстремизмнің алдын алу, оның қауіптілігі, салдары мен оң шешім қабылдауға бағытталған ұзақтығы 1-ден 3 минутқа дейінгі бейнероликтер ұсыну.

- Форматы: MP4, AVI, немесе MOV (HD сапада ұсынылады)

-Тілі: қазақша және/немесе орысша. (Қажет болса субтитр қосуға болады).

-Мазмұны: қоғамды тәртіп пен адамгершілік нормаларын сақтау. Радикализмді насихаттайтын, зорлық-зомбылыққа шақыратын материалдар болмауы керек.

-Авторлық құқықты бұзатын музыкалар мен бейнематериалдарды қолдануға тыйым салынады.

Бағалау критерийлері:

- ✓ Байқау жұмыстарының тақырыпқа сәйкес келуі және толық ашылуы;
- ✓ Шығармашылық жаңалық;
- ✓ Бейнеэсердің, дыбыспен сүйемелдеудің болуы;
- ✓ Жалпы эмоциялық қабылдануы;
- ✓ Жұмыстың авторлық құқықтарының сақталуына автордың өзі (қатысушы ұжым) жауап береді;
- ✓ Автор байқауға жіберген жұмыстарын автоматты түрде ұйымдастырушыларға қолдануға құқық береді (интернет желісіне, телебағдарламаларға жариялау, шығармашылық жобаларға қатысу және т.б.);
- ✓ Ерекшелігі, жаңашылдығы, әлеуметтік маңызы;
- ✓ Идеяның өзектілігі мен креативтілігі;
- ✓ Мазмұнның байқау мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келуі.

Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі:

Аудандық байқау 2025 жылдың 24 қаңтар күні өткізіледі.

Аудандық кезеңінің жеңімпаздарының жұмыстары мен өтінімді 2025 жылдың 23 қаңтар күніне дейін abb_gauharjan@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

Қорытынды кезеңінде байқаудың қазылар алқасы үздік деп танылған қатысушылар мен жетекшілеріне I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Байқауға қатысу туралы өтінім

Мектептің атауы	Қатысушының толық аты-жөні	Сыныбы	Жетекшісінің толық аты-жөні	Байланыс телефоны

Анықтама үшін: 8 708 715 73 81